

Қазақстан Республикасында Бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 наурыздағы N 78 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы 2003 жылғы 2 шілдедегі N 461 Заңымен

Осы заң бағалы қағаздар иелерінің мүліктік құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеуді жүзеге асырушы бағалы қағаздар рыногына кәсіпқой қатысушылардың қызметін реттейді.

I тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу туралы заңдар

Бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу туралы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің нормаларына негізделеді және осы Заңнан, Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерінен, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және бағалы қағаздар шығару және олардың айналысы саласындағы қатынастарды реттейтін мемлекеттік органның (бұдан былай - уәкілетті органның) нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2-бап. Бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу орнының бірлігі принципі

1. Уақыттың нақты бір сәтінде бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеуді оларды тіркеу орны бойынша бағалы қағаздар рыногына мына кәсіпқой қатысушылардың бірі: делдал-дилер, кастодиан, орталық депозитарий немесе тіркеуші жүзеге асырады. < * >

Бағалы қағаздарға құқықтардың бір тұлғадан басқа тұлғаға өтуіне байланысты бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді тіркеу - клиенттердің шоттары бойынша нақтылы ұстаушының немесе бағалы қағаздар ұстаушылардың тізіліміндегі жеке шоттар бойынша тіркеушінің жазбалар енгізулері арқылы мәміленің жасалу фактісін бекітуі. < * >

Бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер осы Заңда және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен міндетті тіркеуге ж а т а д ы .

2. Бағалы қағаздарға құқықтарды растауды осы бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеуші адам жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 2-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282 Заңымен .

ЕСКЕРТУ. 2-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .

II тарау. Бағалы қағаздарды нақтылы ұстау

3-бап. Бағалы қағаздарды нақтылы ұстау

1. Бағалы қағаздарды нақтылы ұстау - нақтылы ұстаушы мен оның клиенті арасында олардың арасында жасасқан бағалы қағаздарды нақтылы ұстау туралы шарттың негізінде немесе Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарында белгіленген, соларға сәйкес нақтылы ұстаушы клиенттің мүддесіне орай немесе нақтылы ұстауды жүзеге асыратын өзге тұлғалар мүддесінде бағалы қағаздарды өзінің иеленуіне, пайдалануына немесе билік етуіне берілген басқаруды өз атынан жүзеге асыруға міндеттенетін өзге де негіздер бойынша туындайтын қатынастар.

Нақтылы ұстаушының клиенттеріне тиесілі немесе нақтылы ұстаудағы бағалы қағаздар осы нақтылы ұстаушы кредиторларының пайдасына өндіріп алынбауға тиіс.

Бағалы қағаздарды нақтылы ұстау шартына тиісінше Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мүлікті сенімгерлік басқару шарты туралы ережелер қолданылады. <*>

2. Нақтылы ұстаушының бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу тәртібі осы Заңмен және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарымен белгіленеді. <*>

3. Бағалы қағаздарды нақтылы ұстаушылардың бірінің бағалы қағаздар ұстаушылары арасындағы бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер тіркеушіде немесе нақтылы ұстаушы өз клиенті болып табылатын орталық депозитарийде көрсетілмейді.

4. Тіркеушінің талап етуі бойынша меншік иелерінің бағалы қағаздарға байланысты құқықтарын жүзеге асыру үшін нақтылы ұстаушы өз белгілі бір күнге дейін нақтылы ұстаушысы болып табылатын бағалы қағаздардың тіркелген ұстаушыларының тізімін беруге міндетті. Нақтылы ұстаушыға аталған ақпаратты ашу құқығын бермеген бағалы қағаздар ұстаушылары тізімге енгізілмейді.

Заң актілерінде көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талап етуімен оның бақылау және қадағалау қызметін іске асыру мақсатында акцияның нақтылы ұстаушысы өзі белгілі бір күнге дейін акцияның

нақтылы ұстаушысы болып табылатын барлық тіркелген акция ұстаушылардың тізімін беруге міндетті.

Аталған тізімдерді тіркеушіге, эмитентке немесе орталық депозитарийге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беруден негізсіз бас тартқан жағдайда бағалы қағаздарды нақтылы ұстаушы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

5 . < * >

6. Нақтылы ұстаушы өзінің бағалы қағаздары мен клиенттердің бағалы қағаздарына оқшау есеп жүргізеді. Бағалы қағаздар бойынша есеп жүргізудің әдістемесі мен ережелері заңдарда белгіленген тәртіппен айқындалады.

ЕСКЕРТУ. 3-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.03.02. N 162

З а ң ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 3-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416

Заңымен .

4-бап. Бағалы қағаздарды нақтылы ұстаушылар

1. Бағалы қағаздарды нақтылы ұстаушылар мыналар бола алады:

1) орталық депозитарий;

2) кастодиандар;

3) уәкілетті органның бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыруға берген лицензиясы бар делдал-дилерлер.

2. Орталық депозитарийдің клиенттері делдал-дилерлер мен кастодиандар болып табылады .

Нақтылы ұстаушылар ретінде делдал-дилерлер мен кастодиандардың клиенттері инвесторлар болып табылады.

3. Бағалы қағаздарға құқықтарды нақтылы ұстаушының растауы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. < * >

Ескерту. 4-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416

Заңымен .

5-бап. Бағалы қағаздарды нақтылы ұстаушының міндеттері

Бағалы қағаздарды нақтылы ұстаушының негізгі міндеттері мыналар:

1) әрбір клиентке шот ашу арқылы клиенттердің бағалы қағаздарына есеп жүргізу ; < * >

2) клиенттердің бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді және олардың қиындау фактілерін тіркеу;

3) клиенттердің бағалы қағаздарына құқықтарды растау;

4) клиенттердің бағалы қағаздарының болуын және аталған бағалы қағаздармен мәмілелерді жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ету;

5) төлем агентінің міндеттерін орындау;

б) клиенттердің нақтылы ұстауға берілген бағалы қағаздарға қатысты ақпарат алуын қамтамасыз ету;

7) бағалы қағаздарды нақтылы ұстауға жасалған шартқа сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де міндеттер.

Ескерту. 5-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .

5-1-бап. Нақтылы ұстау туралы шарт <*>

1. Бағалы қағаздарды нақтылы ұстау туралы шарт жасасар алдында нақтылы ұстаушы клиентті өзінің нақтылы ұстаушы ретіндегі қызметті орындау шартымен таныстыруға міндетті.

2. Нақтылы ұстау туралы шарт:

1) шарттың нысанасын;

2) нақтылы ұстаушының клиенттің шоттары туралы коммерциялық құпияны сақтау жөніндегі міндеттемесін қоса алғанда, тараптардың құқықтары мен міндеттерін;

3) нақтылы ұстаушының қызмет көрсетуіне ақы төлеу мөлшері мен тәртібін;

4) нақтылы ұстаушының клиент алдындағы есеп беруінің нысаны мен кезеңділігін;

5) тараптардың шарттың талаптарын бұзғандығы үшін жауапкершілігін;

6) бағалы қағаздар бойынша табыстар алу және оларды клиенттің (пайда табушының) шотына есепке алу шарттары мен тәртібін қамтуға тиіс.

Жоғарыда тізіп көрсетілген ережелерден бөлек, шартта Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да талаптар болады.

Ескерту. 5-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.05.16 . N 416 Заңымен .

III тарау. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызмет

6-бап. Тіркеушінің қызметі

Тіркеушінің қызметі бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөнінде қызмет көрсету мен бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу болып табылады және бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесін құрайтын деректерді жинау, тіркеу, өңдеу, сақтау және беру арқылы шарт негізінде жүзеге асырылады.

7-бап. Тіркеуші <*>

1. Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызмет бағалы қағаздар рыногындағы айрықша қызмет түрі болып табылады және осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге заң актілерімен

белгіленген жағдайларды қоспағанда, бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметтің өзге түрлерімен қоса атқарылмайды.

2. Уәкілетті орган тіркеушінің эмитент пен бағалы қағаздар ұстаушыларға көрсеткен қызметіне ақы төлеудің ең жоғары мөлшерін, тәртібі мен принциптерін белгілеуге құқылы.

ЕСКЕРТУ. 7-бап 3-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282 Заңымен .

Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .

8-бап. Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі

1. Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі - тізілім жүргізу жүйесінің бағалы қағаздарды ұстаушылардың ресми тізімі болып табылатын, белгілі бір күнге жасалған және осы ұстаушыларды, сондай-ақ оларға тиесілі бағалы қағаздардың түрін және санын теңестіруге мүмкіндік беретін бір бөлігі. <*>

Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімін жүргізу жүйесі - бағалы қағаздардың тіркелген ұстаушылары мен бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді тіркеудің толық сәйкес келуін белгілі бір күнге қамтамасыз ететін эмитент, бағалы қағаздар шығарылымы және бағалы қағаздардың ұстаушылары туралы мәліметтердің жиынтығы. <*>

2. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың әрбір тізілімінде меншік иелері мен эмитенттің бірдей құқықтары мен міндеттерін куәландыратын бағалы қағаздардың бір түрі бойынша есеп жүргізіледі. Бағалы қағаздардың бір түріне есеп жүргізуді әртүрлі тізілімдерде жүзеге асыруға болмайды.

3. Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі қағаздағы немесе электронды жазба түрінде жүзеге асырылуы мүмкін және Қазақстан Республикасының заңдарында тізілімді жүргізу мен сақтауға қойылатын талаптардың орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

4. Эмитенттер бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жасалуын бағалы қағаздар шығарылымы уәкілетті органда мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап бір айдан кешіктірмей қамтамасыз етуге тиіс және ақпараттың тізілімде дәл көрсетілуі үшін жауапты болады. <*>

5. Тізілімді жасау және сақтау шарттары мен тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 8-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .

9-бап. Тіркеушінің міндеттері

1. Тіркеушінің негізгі міндеттері мыналар:

1) бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді және бағалы қағаздардың қиындау фактілерін тіркеу;

- 2) бағалы қағаздарды ұстаушылардың бағалы қағаздарға құқықтарын растау;
- 3) бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдерін жинауды, жүргізуді және сақтауды белгілі бір күнге нақтылау;
- 4) тізілімде тіркелген бағалы қағаз ұстаушыларға эмитенттің тапсыруы бойынша құлақтандыру мен ақпараттық хабарлар жіберу;
- 5) айналыстағы бағалы қағаздар көлемінің шығарылымның тіркелген өлшемдеріне сәйкес келуіне бақылауды жүзеге асыру; <*>
- 6) айналыстағы бағалы қағаздар көлемі мен эмиссияның тіркелген параметрлерінің сәйкестігіне бақылау жасау және заңдарда белгіленген тәртіппен эмитенттің шешімі бойынша бағалы қағаздармен кең ауқымды операциялар ж а с а у ;
- 7) эмитентпен жасалған шартта көзделген және Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін қызметтер көрсету;
- 8) банк қызметі туралы заң актілеріне сәйкес банктің дауыс беруші акцияларымен жасалатын барлық мәмілелер жөнінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне хабарлау.

2. Эмитенттің талап етуі бойынша тіркеуші тізілім жасауға және оны эмитентке талап етілгеннен кейін жиырма күн ішінде жіберуге міндетті.

Заң актілерінде көзделген жағдайларда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талап етуімен оның бақылау және қадағалау қызметін іске асыру мақсатында, тіркеуші акция меншігі иелерінің тізімін жасайды және талап етілгеннен кейін жиырма күн ішінде оны Ұлттық Банкке жібереді.

ЕСКЕРТУ. 9-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.03.02. N 162

З а ң ы м е н

Ескерту. 9-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416
Заңымен .

10-бап. Тізілім жүргізуге арналған шарт

1. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізуге эмитент пен тіркеуші арасында жасалған шарт негізінде эмитент тіркеушіге бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімін жүргізуді тапсыратын шарт болып табылады.

2. Эмитенттер тіркеушілерді таңдауға ерікті, ал тіркеушілер өздері қызмет көрсетуге қабылдайтын эмитенттерді Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайлардан басқа таңдауға ерікті. Эмитент тек бір тіркеушімен ғана шарт жасасуға құқылы.

3. Эмитент тіркеушіге тізілім жүргізу үшін қажетті ақпаратты беруге міндетті және тізілімде көрсетілген ақпараттың дұрыстығына бақылау жасаудан басқа жағдайларда, оның қызметіне араласуға құқылы емес. <*>

4. Тіркеуші тізілім жүргізу жөніндегі өз міндеттерін басқа біреуге беруге қ ұ қ ы л ы е м е с .

5. Тіркеушіге сыйақы тараптар өздері арасында жасалған шартта белгілеген тәртіп, мерзімдер және шарттар бойынша және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарына сәйкес төленеді. <*>

6. Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізуге шарттың күші тіркеушінің лицензиясы кері қайтарылып алынған жағдайда және шарт пен Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де жағдайларда тоқтатылады.

Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізуге шарттың күшін тоқтату тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді. <*>

7. Шарт бұзылғаннан кейін тіркеуші он бес күн ішінде эмитентке немесе жаңа тіркеушіге тізілімде бар ақпаратты түгел тапсыруға міндетті.

8. Эмитент жаңа тіркеушінің тағайындалғаны туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға және ол туралы уәкілетті органды хабардар етуге міндетті.

ЕСКЕРТУ. 10-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282 Заңымен .

Ескерту. 10-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .

11-бап. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті лицензиялау

1. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызмет уәкілетті орган берген лицензия негізінде жүзеге асырылады.

2. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін тікелей жүргізуді тіркеушілерден тиісті қызмет түрлеріне уәкілетті орган берген біліктілік куәлігі бар тұлғалар жүзеге асырады.

3. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, сондай-ақ оның күшін тоқтату шарттары мен тәртібі және кері қайтарып алу негіздері Қазақстан Республикасының заңдарымен және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметтің жүзеге асырылуын бақылауды уәкілетті орган жүргізеді.

4. Тіркеуші лицензия алу үшін оларға табыс етілген құжаттарға өзі енгізген барлық өзгерістер мен толықтырулар жөнінде уәкілетті органды жазбаша хабардар етуге міндетті. <*>

Ескерту. 11-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .

IV тарау. Кастодиандық қызмет

12-бап. Кастодиандардың бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу жөніндегі қызметі

Кастодиандардың бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу жөніндегі қызметі олардың нақтылы ұстаушылар міндеттерін атқару болып табылады.

13-бап. Кастодиандардың міндеттері

Кастодиан мынадай міндеттерді жүзеге асырады:

1) клиенттердің бағалы қағаздарымен жасалатын мәмілелердің орындалуын б а қ ы л а у ;

2) бағалы қағаздар бойынша құқықтарды тіркеу мен оның есебін жүргізуді, құжатты бағалы қағаздарды сақтауды және клиенттердің ақшаларына есеп жүргізуді қ а м т а м а с ы з е т у ; < * >

3) клиенттердің бағалы қағаздар бумасының және мәмілелер жасасуға арналған ақша қаражатының сақталуын және есепке алынуын қамтамасыз ету;

4) бағалы қағаздардың нақтылы ұстаушысы ретіндегі қызметті;

5) клиенттердің бағалы қағаздарымен жасалатын мәмілелер жөніндегі төлем агенті м і н д е т т е р і н о р ы н д а у ;

д) клиентпен жасалған шартта көзделген және Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де қызметтер көрсету.

Ескерту. 13-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .

14-бап. Кастодиандық шарт

1. Кастодиандық шарт жасасу жөніндегі ұсынысты клиент бағалы қағаздар және бағалы қағаздармен мәміле жасауға арналған ақшасы бойынша кастодианда шоттар ашу жөніндегі жазбаша өтініш түрінде жасайды. Кастодиан клиентті оның бағалы қағаздары мен мәміле жасасуға арналған ақшасын сақтау мен оған есеп жүргізу жөніндегі қызмет тәртіптерімен шарт жасалғанға дейін таныстыруға м і н д е т т і . < * >

2. Кастодиан клиенттің сенім білдірген өкілі болмауға тиіс.

3. Кастодиандық шарт жасасу кезінде клиенттен шотқа қандай да болсын бағалы қағаздарды немесе ақшаны дереу салу талап етілмейді.

4. Кастодиан мен оның клиенті арасында жасалған кастодиандық шарттар м ы н а л а р б о л у ғ а т и і с :

1) кастодиан мен клиенттің реквизиттері;

2) шарттың пәні: клиенттің бағалы қағаздары мен мәміле жасасуға арналған ақшаны сақтау мен оларға есеп жүргізу жөнінде қызметтер көрсету;

3) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, клиенттің шоттары туралы коммерциялық құпияны сақтау жөніндегі кастодиан міндеттемелерін қоса, тараптардың құқықтары мен міндеттері;

4) кастодианның нақтылы ұстаушы ретіндегі қызметті орындауы туралы

д е р е к т е р ;

- 5) кастодианның қызметіне ақы төлеудің мөлшері мен тәртібі;
- 6) кастодианның клиент алдында есеп беруінің нысаны мен мерзімділігі;
- 7) шарттың талаптарын бұзғандығы үшін тараптардың жауапкершілігі;
- 8) бағалы қағаздар бойынша кірістер алудың және оларды клиенттердің шоттарына қосудың, сондай-ақ клиенттердің бұйрықтары бойынша ақшаны төлеудің шарттары мен тәртібі.

Кастодиандық шартта жоғарыда аталған ережелерге қоса Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа шарттардың да болуы мүмкін .

5. Кастодиандық шарт жазбаша түрде жасалады.

ЕСКЕРТУ. 14-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 Заңымен .

ЕСКЕРТУ. 14-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.03.02. N 162 Заңымен .

Ескерту. 14-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .

15-бап. Кастодиандық қызметті лицензиялау

1 . < * >

2. Кастодиандық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, сондай-ақ оның күшін тоқтату шарттары мен тәртібі және оны кері қайтарып алу негіздері Қазақстан Республикасының заңдарымен және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

Кастодиандық қызметтің жүзеге асырылуын бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады . < * >

Кастодиан лицензия алу үшін оларға табыс етілген құжаттарға өзі енгізген барлық өзгерістер мен толықтырулар жөнінде уәкілетті органды жазбаша хабардар етуге міндетті. < * >

Ескерту. 15-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .

V тарау. Бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу жөніндегі делдал-дилерлердің қызметі

16-бап. Бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу жөніндегі делдал-дилерлердің қызметі

Бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу жөніндегі делдал-дилерлердің қызметі нақтылы ұстаушының міндеттерін олардың атқаруы болып табылады.

17-бап. Делдалдық шарт

1. Клиент бағалы қағаздарды нақтылы ұстау туралы шарт жасасу жөніндегі ұсынысты делдал-дилерде бағалы қағаздар бойынша шоттар ашу жөніндегі жазбаша өтініш түрінде жасайды. Делдал-дилер клиенті нақтылы ұстаушы ретіндегі өз қызметінің қалай орындалатынымен таныстыруға міндетті.

Шарт жасасу кезінде клиенттен шотқа қандай да болсын бағалы қағаздарды дереу қосу талап етілмейді.

Делдал-дилер мен оның клиенті арасында жасалған шартта мыналар болуы керек:

а) шарт пәні: клиенттің тапсыруы бойынша делдал-дилердің нақтылы ұстаушы ретіндегі қызметті жүзеге асыруы;

б) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, клиенттің шоттары туралы коммерциялық құпияны сақтау жөніндегі делдал-дилердің міндеттемелерін қоса, тараптардың құқықтары мен міндеттері;

в) делдал-дилер қызметіне ақы төлеу мөлшері мен тәртібі;

г) делдал-дилердің клиент алдында есеп беруінің нысаны мен мерзімділігі;

д) шарт талаптарын бұзғандығы үшін тараптардың жауапкершілігі;

е) бағалы қағаздар бойынша кірістер алудың және оларды клиенттердің шоттарына қосудың, сондай-ақ клиенттердің бұйрықтары бойынша ақшаны төлеудің шарттары мен тәртібі.

Шартта жоғарыда көрсетілген ережелерге қоса, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа шарттардың да болуы мүмкін.

2. Делдал-дилердің шарты жазбаша түрде жасалады.

ЕСКЕРТУ. 17-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154

З а ң ы м е н

ЕСКЕРТУ. 17-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.03.02. N 162

Заңымен .

18-бап. Делдал-дилерлердің бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу жөніндегі қызметін лицензиялау

1. Делдал-дилерлер бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу құқығымен делдалдық және дилерлік қызметті жүзеге асыруға уәкілетті орган берген лицензиясы бар болған жағдайда нақтылы ұстаушы бола алады.

2. Делдалдық және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, сондай-ақ оның күшін тоқтату шарты мен тәртібі және кері қайтарып алу негіздері Қазақстан Республикасының заңдарымен және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

Брокер - дилер лицензия алу үшін табыс етілген құжаттарға өзі енгізген барлық өзгерістер мен толықтырулар жөнінде уәкілетті органды жазбаша

хабардар етуге міндетті. <*>

3. Делдал-дилерлер қызметінің жүзеге асырылуын уәкілетті орган бақылайды.

Ескерту. 18-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .

VI тарау. Орталық депозитарий

19-бап. Орталық депозитарий

1. Орталық депозитарий бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары мен халықаралық қаржы ұйымдары акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанында құрған коммерциялық емес ұйым болып табылады. Орталық депозитарий алған кіріс оның акционерлері арасында бөлінбейді және оның техникалық дамуына жұмсалады. <*>

2. Кастодиандар, нақтылы ұстаушылар болып табылатын брокер - дилерлер депозитарийдің депоненттері болып табылады. <*>

3. Депозитарлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, сондай-ақ оның күшін тоқтату шарттары мен тәртібі, және оны кері қайтарып алу негіздері Қазақстан Республикасының заңдарымен және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

4. Орталық депозитарийдің қызметіне бақылау жасауды уәкілетті орган жүзеге асырады .

ЕСКЕРТУ. 19-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282 Заңымен .

Ескерту. 19-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .

20-бап. Орталық депозитарийдің міндеттері

Орталық депозитарий мынадай міндеттерді жүзеге асырады:

1) депоненттердің - кастодиандар мен делдал-дилерлердің бағалы қағаздарын нақтылы ұстаушы міндеттері;

2) депоненттердің бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелерді тіркеу, оның ішінде бағалы қағаздарды төлеу мен оларға деген құқықтарды растау кепілдігі болады ;

3) бағалы қағаздар рыногына кәсіпқой қатысушылармен өзара іс-қимыл жасау ;

4) бағалы қағаздарды өз клиенттері арасында, соның ішінде тіркеушілерге және тіркеушілерде ашылған өз есеп-шоттары арқылы тіркеушілерден өз клиенттеріне ойыстыру ;

5) бағалы қағаздарды материалсыздандыру;

б) клирингтік қызмет;

7) трансфер-агенттер құру және олардың қызметтерінің процедуралары мен ережелерін бекіту;

8) төлем агентінің міндеттерін атқару;

9) депонентпен келісім бойынша және Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін консультациялық, ақпараттық және басқа да қызмет түрлері.

Орталық депозитарийдің акционерлік қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушыларының тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті осы Заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асыруға құқығы бар. < * >

ЕСКЕРТУ. 20-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282 Заңымен.

Ескерту. 20-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен.

21-бап. Орталық депозитарийдің клирингтік қызметі

1. Клирингтік қызмет Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясына сәйкес және Қазақстан Республикасының банктер туралы заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Ақшалай есеп айырысу депоненттердің шоттарынан ақшаны есептен шығару және қосу туралы есеп айырысу ұйымына депозитарийдің тапсырмасы негізінде жүзеге асырылады.

3. Бағалы қағаздар бойынша есеп айырысуды орталық депозитарий дербес жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 21-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 Заңымен.

22-бап. < * >

Ескерту. 22-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен.

23-бап. Орталық депозитарийдің қызметін шектеу

1. Орталық депозитарийдің:

1) Қазақстан Республикасының заңдарына және орталық депозитарийдің Ережелер жинағына сәйкес өзі қабылдаған міндеттемелерді орындауды басқартуға жүктеуге;

2) операцияларды депоненттің тиісті бұйрығынсыз жүзеге асыруға;

3) депонент туралы және оған тиесілі бағалы қағаздардың қозғалысы туралы коммерциялық ақпаратты, сондай-ақ қызметтік ақпаратты жария етуге;

4) ең жақсы орындау принциптерін бұзатын қандай да болсын іс-қимылдар жасауға құқығы жоқ.

2. Орталық депозитарий материалдық өндірістік саладағы қызметті, жылжымайтын және жылжымалы мүлікпен (мемлекеттік бағалы қағаздарды қоспағанда) сауда-саттықты, сақтандыру қызметін жүзеге асыруға, сондай-ақ заңды тұлғалардың (бағалы қағаздар рыногында клирингтік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды қоспағанда) жарғылық капиталына қатысуға құқылы емес.

< * >

Ескерту. 23-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .

24-бап. Орталық депозитарийдің Ережелер жинағы

1. Орталық депозитарийдің Ережелер жинағы - орталық депозитарийдің бағалы қағаздар рыногына кәсіпқой қатысушылармен өзара қарым-қатынасын айқындайтын және бағалы қағаздармен мәмілелерді орындау принциптерін, тәртібін және технологиясын белгілейтін құжат.

Аталған Ережелерді сақтау депозитарий арқылы мәмілелерді жүзеге асырушы барлық субъектілер үшін міндетті болып табылады.

2. Орталық депозитарийдің ережелер жинағы, сондай-ақ осы жинаққа өзгерістер мен толықтырулар уәкілетті органмен ол айқындаған тәртіпте келісіледі және орталық депозитарий акционерлерінің жалпы жиналысында б е к і т і л е д і .

3. Ережелер жинағында мыналар болады:

1) орталық депозитарийдің және оның депоненттерінің құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі;

2) бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеуді жүзеге асырудың ережелері, қалыптары және технологиялары;

3) орталық депозитарийдің өз міндеттерін атқару тәртібі;

4) орталық депозитарийдің қызметіне ақы төлеу мөлшері мен тәртібі;

5) орталық депозитарийдің есеп беру нысаны мен мерзімі;

6) орталық депозитарий мен депоненттер арасындағы дауларды шешу тәртібі;

7) трансфер-агенттерді құрудың, таратудың, олардың қызметі мен міндеттерінің тәртібі, трансфер-агенттердің қызмет көрсетуіне арналған үлгі ш а р т ;

8) орталық депозитарий депоненттерінің әдеп ережелері;

9) орталық депозитарийдің, бағалы қағаздар рыногына кәсіпқой қатысушылардың қызметін реттейтін және Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де ережелер.

Ескерту. 24-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.07.11. N 237

VII тарау. Бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу тәртібі

25-бап. Бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеуге қабылдаудың негізі

1. Бағалы қағаздармен екі жақты немесе көпжақты жасалған мәмілелерді тіркеу мәмілелерге қатысушылардың үстеме бұйрықтары болғанда, жүзеге асырылады. Мәмілеге қатысушылардың міндеттемелері олардың арасында жасалған жазбаша шарттың ережелерімен айқындалады. Бағалы қағаздар кепілін тіркеуді осы мәмілені тіркеу үшін тараптардың табыс еткен барлық қажетті мәліметтер бар бұйрықтарының негізінде тіркеуші және (немесе) нақтылы ұстаушы жүзеге асырады. Ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында біржақты мәміле жасалған жағдайда, мәмілені тіркеу сатып алушының бағалы қағаздарға қатысты құқығы расталатын құжаттар табыс етіле отырып, оның бұйрығы негізінде жүзеге асырылады. <*>

Бұйрық орындауға тіркелген сәттен бастап қабылдануға тиіс. Бұйрық бағалы қағаздар рыногына кәсіпқой қатысушы немесе бұйрықты қабылдау мен тіркеуге уәкілетті тұлға тіркейді.

Бұйрық жазбаша түрде жасалып, оған уәкілетті адамдар қол қоюға тиіс және почта, телекс пен электронды байланыс арқылы берілуі мүмкін.

2. Бұйрықтың нысаны, оны ресімдеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленеді. <*>

Бағалы қағаздармен операциялар жүргізуге берілген бұйрықтарда бағалы қағаздардың нақты саны мен түрі бойынша белгілі бір жағдайларда белгілі бір іс-қимылдарды орындауға бұйрық берген адамның тікелей нұсқауы болады.

ЕСКЕРТУ. 25-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282 Заңымен .

Ескерту. 25-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416
Заңымен .

26-бап. Бағалы қағаздарға құқықтарды растауды жүзеге асырушы тұлға

1. Бағалы қағаздарға құқықтарды растауды осы бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркейтін тұлға жүзеге асырады.

2. Бағалы қағаздарға меншік құқығын немесе өзге мүліктік құқықты растайтын жазбаша құжаттың негізгі түрі бағалы қағаздар ұстаушының бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімдерін жүргізу жүйесіндегі жеке шотының немесе

нақтылы ұстаушының клиенті шотының көшірмесі болып табылады. <*>

Бағалы қағаз болып табылмайтын, тіркеуші немесе бағалы қағаздарды нақтылы ұстаушы берген және онда көрсетілген бағалы қағаздардың бір тұлғадан екіншісіне ауысуы мәміле жасалғанын білдірмейтін және бағалы қағаздарға қатысты құқықтардың ауысуына әкеліп соқтырмайтын құжат көшірмесі деп аталады. <*>

ЕСКЕРТУ. 26-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282 Заңымен .

Ескерту. 26-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .

27-бап. Ұйымдастырылған рыноктарда бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу

Бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушылар жүзеге асыратын, бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу тәртібінің ерекшеліктері - Қазақстан Республикасының заңдарымен және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен, сондай-ақ бағалы қағаздармен сауда-саттықты тиісті ұйымдастырушының ішкі ережелерімен және тәртіптерімен белгіленуі мүмкін.

28-бап. Мүдделі тұлғаларға ақпарат беру

1. Клиенттер және тіркеушілер мен нақтылы ұстаушылардағы бағалы қағаздар жайындағы жазбалар коммерциялық құпия болып табылады және жариялауға жатпайды .

2. Коммерциялық құпия шот иеленушіге немесе бағалы қағаздарды ұстаушы өзі жөнінде қарыз беруші, кепілші, кепілдік беруші немесе кепіл ұстаушы болып табылатын тұлғаға, шот иеленушінің жазбаша келісімі негізінде кез келген үшінші тұлғаға не тексеру жүргізу туралы қаулының негізінде прокурорға, сондай-ақ атқарушылық іс жүргізуді қозғау туралы қаулының негізінде сот орындаушысына ғана ашылуы мүмкін. <*>

3. Коммерциялық құпия сондай-ақ шот иеленуші аманат өкімінде аталған тұлғаларға, мұрагерлік істермен айналысатын соттар мен нотариат кеңселеріне, бағалы қағаздар рыногының субъектілері Қазақстан Республикасының заңдарын бұзған жағдайларда уәкілетті органға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда мемлекеттік органдарға ашылуы мүмкін.

4. Клиенттердің және нақтылы ұстаушылардың шоттары бойынша операцияларды тоқтату сот шешімдерінің, прокурордың, анықтау және алдын ала тергеу органдарының, уәкілетті органның қаулыларының негізінде жүзеге асырылады .

ЕСКЕРТУ. 28-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.03.02. N 162 Заңымен .

Ескерту. 28-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.08.09. N 346

З а ң ы м е н

Ескерту. 28-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.05. N 409
Заңымен .

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК